

20.12. 2023ж

Қатысқандар:

Директор : С.Р.Мусаева

Әдіскер : Т.Е.Махашева

Тәрбиешілер : 6

Барлығы :8

Күн тәртібінде:

- 1.Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:
«Үй жанулары қалай дыбыстайды»
Өткізген № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендыгулова А
- 2.Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті. Шығармашылық білім беру саласы.Тақырыбы: «Шырша бізге қонаққа келді»
Өткізген № 2 «Балбөбек» ортаңғы топ тәрбиешісі Тажигалиева Марал
- 3.Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті тақырыбы: «Бөлме гүлдері»
Өткізген № 3 «Ботақан» ересек топ тәрбиешісі Әбішаева Үміт

Тындалды:

1.Балабақша әдіскері қорытынды ұйымдастырылған оқу іс әрекет өткізілгені туралы айтып өтті. Білім беру саласы бес бағытта өткізілгені туралы айтып өтті. Тоқтала кететін болсақ Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:«Үй жанулары қалай дыбыстайды» Өткізген № 1 «Күншуақ» кіші топ тәрбиешісі Мендыгулованың ұйымдастырылған оқу іс әрекеті жақсы деңгейде өтті. Тоқтала кететін болсақ. Тәрбиеші жақсы деңгейде дайындалды. Топтың безендіруі балалардың киімдері жақсы деңгейде. Ұйымдастырылған оқу іс әрекет сергету сәтінен басталды. Балалардың көңіл күйі жақсы деңгейде. Балалар үй жануарлары қалай дыбысталатын және төлдерін атай білді. Шығармашылық дағды бойынша балалар үй жануарларын карандаштарды пайдалана отырып сырлай білді және құрастыру арқылы үй жануарларын құрастырып берді. Үй жануарлар қандай жемдер дейтінін айтып өтті. Өз сөзімді қортындылай келе ұйымдастырылған оқу іс әрекетті жақсы деп бағалаймын.

1.1. Ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жазира өз сөзінде. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс әрекет жақсы деңгейде өтті. Балалардың киімдері жинақты көрнекі құралдар сай барлық балаға үлестірмелі құралдар жеткілікті. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы сөздік қоры жақсы деңгейде. Балалар төлдерді атай білді. немен қорықпенеді тәрбиеші балаға түсінікті түрде айтты. Өз сөзімді қорыта келе жақсы деп бағалаймын.

2.Екінші мәселе бойынша ересек тобының тәрбиешісі Әбішаева Үміт өз сөзінде Тақырыптық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті. Шығармашылық білім беру

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекменшік
шағын орталығының
әдіскері Маж А.Е.Махашева

Ұйымдастырылған іс-әрект
«Үй жануарлары қалай дыбыстайды»

Өткізген №1 «Күншуақ» кіші тобының
тәрбиеші:Мендыгулова А.А

2023-2024 оқу жылы

Үй жануарлары қалай дыбыстайды

Тақырыбы: «Үй жануарлары» ашық оқу қызметі

Мақсаты: Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу. Сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамытумен бірге олардың бізге тигізер пайдасын айтып, ұлттық тәрбие негізін еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру қарастырылады.

Тәрбиелік: Үй жануарларына қамқорлық жасау.

Әдіс - тәсілі: Сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету

Көрнекілік: Үй жануарларының суреттері, слайд

Тәрбиеші:

Балалар, «Амандасу - адамгершіліктің, әдептіліктің баспалдағы» сондықтан да, алдымен қонақтармен амандасып алайық.

Сәлеметсіздер ме!,

Шаттық шеңбері.

Білер қазақ баласы

Сәлем сөздің анасы

Көп танысты көреміз

Алдымыздан кезіккен

Бәріне де ізетпен

Иіліп сәлем береміз

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Жаз мезгілінде неше ай бар?

- Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады?

- Өте жақсы. Жарайсындар!

- Балалар, тыңдандаршы, нелердің даусы?

- Дұрыс айтасындар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі жатады.

- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

- Балалар: Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным.

Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша!

Тәрбиеші: Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады.

Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой, ешкі. Түйенің баласы - бота, сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің баласы - лақ, жылқының баласы - құлыншақ. Халқымыздың байлығы да, берекесі де осы малдар. Адамға пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жейміз, киім қыламыз. Сиырдың, қойдың, сүтінен май, құрт, айран, ірімшік

жасайды. Адамдар да оларға қамқорлық көрсетеді. Бағады, шөп, жем, су береді, сауады, көптеген күтім жасайды. Үй жануарлары өздері күн көре алмайды. Ата бабамыздан келе жатқан қасиетті жануарларды өте жақсы көрген, күтіп, қасиеттеп қараған. Жарайды, балалар ендеше мен сендерге жұмбақ жасырайын шешуін кім табады екен?

Кішкене ғана бойы бар

Айналдырып киген тоны бар.

(Қой)

Қане, балалар ендеше қойдың дыбысын салындаршы.

Балалар: Қой - мә - мә маңырайды

Ой, бәрекелді балалар жарайсындар!

Екі айнасы бар

Екі найзасы бар

Төрт жылтырмағы бар

Бір шыпыртқысы бар

(Сиыр) Сиыр - мә - мә мәңірейді

Екеуі елендеп келеді

Төртеуі төбелесіп келеді

(Жылқы) Жылқы - е - е - е кісінейді

(Слайдтан көрсету) Дыбыстарын тыңдату.

Дыбыс естейді: «Ғажайып сәт»

Бақташы ата: Амансындар ма, балалар, ғафу етіңдер.

- Бұл қай жер екен?

- Балабақша.

- Қандай балабақша?

-«Күншуақ» балабақшасы.

- Естілмейді қандай балабақша?

-«Күншуақ» балабақшасы.

- Мен, шығып кеткен төлдерімді іздеп жүр едім, осы балабақшаның жанынан өтіп бара жатыр деп еді. Тауып берсеңдер сыйлығым бар.

Көрмедіңдер ме?

Балалар:- Жоқ

Тәрбиеші: Келіп қалған екенсіз. Ата төрлетіңіз! Бүгінгі оқу ұйымдастылырған

іс - әрекетінде Үй жануарлары туралы айтып жатыр едік.

Бақташы ата: Жарайды, балалар ендеше мен сендермен бірге ойын ойнап жіберейік, келісесіндер ме?

Балалар: Жарайды

Ойынды екі топқа бөлініп ойнап көрейік.

1 - топпен «Жануарлардың төлдерін тап» ойыны

2 – топпен «Кім жылдам» ойыны

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, Ата уайымдамаңыз, төлдеріңіз табылады шаршаған шығарсыз бәріміз бірге сергіту сәтін орындап жіберейік, балалар бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті:

Тіктеп титтей құлағың

Ботам былай жүреді

Сыртылдатып тұяғын

Бұзау былай жүреді.

Алға созып мойынын

Ойнақтайды ботақан

Көкке қарай мұрынын

Шүйіреді бұзауқан.

Бақташы ата: Жарайсыңдар балалар! Көңілім көтеріліп сергіп қалдым.

Тәрбиеші: Ендеше бақташы атамызға тақпақтар айтып берейік!

Айлин: Ақ бұзауым ұнайды

«Мө - мө» деп сүт сұрайды

Келеді өсіп күн сайын

Тұмсығын созып қарайды

Тілімен мұрнын жалайды

Дамир: Кіп - кішкене момақан

Қошақанды ұнатам

Сүйеді апам қозым деп

Қошақаным өзім деп.

Балалармен қозының суретін жапсырту жұмысы.

Тәрбиеші: Қане, балалар Бақташы атамызбен бірге «Дауысын айнытпай сал»

ойының ойнайық.

(Төрт түліктің даусы естіледі)

Тәрбиеші: Балалар тыңдайықшы бір төлдердің дыбысы естілетін сияқты

Бақташы ата: Ой, балалар менің төлдерімнің даусына ұқсайды.

Бала: Сүйінші, сүйінші ата сіздің қозыңызды тауып алдым

Бақташы ата: Рахмет, балам өркенің өссін! Сүйіншіңді ала ғой.

Балалар, менің қозым Қане, балалар ұстап көріңдерші. Қандай екен?

Балалар: Сүйкімді, әдемі, кішкентай.

Бақташы ата: Мен сендерге сыйлығымды беріп кетейін, мұны ауылдан әжелерің беріп жібірді дәм татындар балалар. Жаксы сау болыңдар!

Тәрбиеші: Рахмет, бақташы ата сіз келіп, біздің көңіліміз көтеріліп қалды. Жолыңыз болсын! Соу болыңыз!

- Балалар, сонымен үй жануарларына нелер жатады?
- Үй жануарларының төлдерін не деп атаймыз?
- Жылқы малы қандай өнім береді екен?
- Сиыр бізге қандай өнімдер береді екен?
- Малдың дыбысталғанын қалай атайды?

Жылқы - кісінейді

Сиыр - мөңірейді

Қой, ешкі - маңырайды

Түйе - боздайды.

Қане, балалар орнымыздан тұрып келген қонақтармен қоштасайық

Біз ақылды баламыз

Айтқан тілді аламыз

Бүгінгі келген қонаққа

Сау болыңыз деп, айтамыз.

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының әдіскер

 А.Е.Махашева

Такырыптық ұйымдастырылған іс әрекет

«Бөлме гүлдері!»

Өткізген №3 «Ботақан» ересек тобының тәрбиешісі Әбішева Ү

2023-2024 оқу жылы

Тақырыбы: «Бөлме гүлдері»

Мақсаты Бөлме өсімдіктері туралы түсінік беру. Гүлдің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап күту ережелерімен таныстыру. Өсімді отырғызу жолын көрсетіп, табиғатты аялауға, сүйеге тәрбие беру.

Шаттық шеңбері:

Біз кішкентай баламыз

Өсіп - өніп толамыз.

Күнге қарай талпынып

Көкке қолды созамыз

Әлемдегі барлық адамдарға тек жақсылық тілейміз.

Сәлеметсіздер ме?

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын соны шешуге тырысыңдар, шешсеңдер біздің бүгінгі оқу іс-әрекетіміз сол туралы болмақ

Жұмбақ :Адамдардың бәрі қызығалы,

Су құймасаң сәні бұзылады. (Гүл)

-Дұрыс. Жарайсыңдар, ендеше біз бөлме өсімдіктерімен танысамыз.

— Өсімдіктердің өзі дала және бөлме өсімдігі болып екіге бөлінеді. Біздің бүгінгі сабағымыз бөлме өсімдіктері жайлы болмақ. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлmemізді тек әдемі етіп қоймайды оған көрік беріп, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Ендеше балалар тақтаға назарымызды аударайық. Тәрбиеші бөлме гүлдерін көрсетіп, әңгімелейді. Барлық өсімдіктер күнді және жарықты жақсы көреді, сондықтан да оларды терезенің алдына қоямыз.

Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.

Міне, мынау **раушан гүлі**. Гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді екен. Раушан гүлі өте әдемі, бөлmemізді әдемі етіп тұрады.

Ал мынау алоэ – өсімдігі. Жапырақтары тікенді болып келеді, бірақ тікені қолымызға кірмейді. Алоэнің емдік қасиеті бар одан дәрі-дәрмек жасайды. Алоэ — үйге аурудың бактерияларының енуіне төтеп береді. Бөлменің энергетикалық қалпын жақсартады. Егерде бір жеріңізді жарақаттап алсаңыз сол жерге осы алоэні кесіп шырынын жақсаңыз тез жазылып кетеді.

Қаттабан – адамның ашуын басады. Ол адам ашуланғанда сабыр сақтап, тыныштатуына әсер етеді. Ашу – жанұяның тыныштығын бұзады – сондықтан қазтамақ болған ортада тыныштық пен татулық орнайды.

Традесканция — көрсатмаушылық қасиетін жояды. Сондықтан жанында қызғаншақ адамдар барларға жақсы көмектеседі. Қызғаншақ, көре алмаушылық сияқты жаман әдеті бар адамдарды біраз сабасына түсіреді.

Фикус – шаңсорғыш сияқты жұмыс жасайды. Ауадағы шаңды, бөлмедегі адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Сырттан келетін кері әсерлерге кедергі жасайды. Сондай-ақ, бөлме ішін ылғалдандырып, уытты заттардан тазартады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды. Өттегіні күндіз бөліп, түнде жұтатын қабілетке ие фикусты жатын және балалар бөлмесіне қоймағаныңыз абзал.

Енді осы гүлдердің сырт келбетімен танысайық. Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.

Біз енді өсімдіктерді қалай күтіп баптау керектігін білеміз.

— Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, өсімдіктердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін топырағын көпсытамыз. Балалар гүлдердің жақсы жайнап өсуі үшін гүлдерге су, жарық, жылу, топырақ қажет. Гүлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркегішпен су шашып, топырағын көпсытып, тыңайтқыш сеуіп тұру керек.

Бөлме гүлдерінің ұзақ уақыт «ауырмай», жайқалып тұруының сыры неде деп ойлайсыз?

Махаббатта. Гүлдермен де тірі жанмен сөйлескендей сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, махаббатпен қарап, еркелетіп тұру қажет, олар да өздерінше қуана да мұная да алады екен. Ендеше осы аталған гүлдер біздің бөлмемізде бар ма? Мұқият қарайықшы кім көріп тұр?

Сергіту сәті «Біз гүлдеріне өсеміз»

Жапырағы жайқалған

Сабақтары салалы

Желге ырғалып шайқалған

Ал енді балалар біздің бөлмеде традесканция гүлі мен бальзамин гүлі жоқ екен қазір біз сол тамырланған гүлді ыдысқа отырғызайық. Сендер бүгін табиғат бұрышында жұмыс жасайсыңдар.

Гүл отырғызу үшін ең әуелі бізге ыдыс қажет. Ыдысты алып түбіне бірінші тастарды саламыз. Ыдыстың түбі тесік болады. Содан кейін топырақ саламыз. Жәй даладағы топырақ емес, құнарлы арнайы гүл отырғызғұға арналған топырақ саламыз. Содан соң топырақ ортасынан құдықша жасап, гүл өсіндісін отырғызамыз. Енді бұл гүлімізді табиғат бұрышына қоямыз. Балалар гүл отырғыздық, енді тек осылай қоямыз ба? Жоқ, гүлге су құю керек. Гүлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркегішпен су шашып, топырағын көпсытып, тыңайтқыш сеуіп тұру керек. Гүлдерді жазда көбірек, ал қыста сирек суарамыз. Оларды су құйғышымен суарамыз.

— Жылына бір рет топырағымен, ыдысын ауыстырып тұру керек.

— Гүлдерді бөлме температурасындай сумен суару керек, өйткені гүлдер ауырып, өліп қалуы

мүмкін. Гүлге бірден суық су құюға болмайды. Суды ыдысқа бір күн бұрын құйып қою кажет. Содан соң ғана суаруға болады.

Дидактикалық ойын: «Гүл құрастыру».

Гүлдің жоқ мүшесін тауып , жапсыру.

«Гүл жинау» ойынын ойнату.

— Қырға шығып тереміз

Қызғалдақтың қызылын.

Біздер енді көреміз

Ойынның да қызығын – деп енді «Гүл жинау» ойынын ойнаймыз.

-Біз қандай бөлме өсімдіктерімен таныстық?

-Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?

-Гүлдің сырт келбеті қандай?

-Бүгінгі отырғызған гүліміздің аты қандай?

Міне өсімдіктердің осындай адамға деген пайдасы бар екен. Өсімдіктер тек әдемілік сыйлап қана қоймай, адамның денсаулығына да жағымды әсер тигізеді. Гүл өскен ортала, тазалық, татулық пен бірліктің, жақсылық пен жомарттықтың болары сөзсіз. Гүлді тек бөлмеде ғана емес, жұмыс орнында, аулаға, демалыс орындарында, адам көп шоғырланатын жерлердің барлығына өсіру керек.